Жетісай ауданының жергілікті атқарушы органдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Жетісай ауданы **2026 жыл 14 мамыр - 26 маусым**

Талданатын объект туралы мәлімет:
Жетісай ауданы әкімі аппараты.
Жетісай ауданының жергілікті атқарушы бөлімдері:
1) Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі;
2) Кәсіпкерлік бөлімі;
3) Ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі;
4) Ішкі саясат бөлімі;
5) Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі;
6) Экономика және қаржы бөлімі;
7) Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі;
8) Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі.
9) Қала, кент және ауылдық округтер әкімі аппараттары.

Талдаудың негізі:
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8 бабының 2 тармағына және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазанындағы №12 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14441 болып тіркелген) бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Жетісай ауданы әкімінің 2026 жылғы 05 мамырдағы №21-ө/нқ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» өкімі негізінде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:
1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
Талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 14 мамыр - 26 маусым.
Талдау жүргізу кезеңі: 2025 жыл мен 2026 жылдың 4 айы.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Жетісай ауданы Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі:

Талдау барысында, «Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-сі 2025 жылы ауылдық округ әкімінің 94 шешімі қабылданған, оның ішінде, елді мекен шегінде жер учаскесін бөлуге қатысты қабылданған ауыл әкімінің кейбір шешімдерінде кемшіліктер орын алған.

Атап көрсеткенде 2025 жылы қабылданған шешімдерде;

ҚР Жер кодексінің 44-1-бабында, жергілікті атқарушы органының және кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешімінде мыналар қамтылуға тиіс:

-жер учаскесіне құқық берілетін жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе заңды тұлғаның атауы;

-жер учаскесінің орналасқан жері;

- осы Кодекстің 107-бабының 3-тармағында көзделген функционалдық аймақтарға сәйкес жер учаскесінің нысаналы мақсаты;

-жер санаты;

-жер учаскесінің алаңы;

*-**жерге құқық түрі, ауыртпалықтар, сервитуттар**;*

-жер учаскесін уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартын жасасу мерзімдері;

*-**жер учаскесінің бөлінетіндігі (бөлінбейтіндігі) туралы мәліметтер**;*

-жер учаскесін беруге байланысты өзге де мәліметтер.

Алайда 2025 жылы қабылданған бірқатар шешімдерде аталған талаптар сақталмаған. Атап айтқанда, №3, №7, №8, №9, №11, №12, №14, №15, №16, №19, №20, №21, №22, №27, №29, №30, №35, №36, №38, №39, №40, №41, №42, №44, №46, №47, №49, №50, №51, №52, №55, №56, №57, №58, №59, №60, №61, №62, №65, №68, №69, №70, №71, №72, №74, №75, №76, №78, №80, №81, №82, №84, №86, №88, №89, №90, №91, №92 және №94 шешімдерінде ауыртпалықтар, сервитуттар және жер учаскесінің бөлінетіндігі немесе бөлінбейтіндігі туралы мәліметтер көрсетілмеген.

ҚР Жер кодексінің 43-бабының 7-тармағында, облыстың, облыстық маңызы бар қаланың (оның әкімшілік бағынысына берілген аумақта), ауданның жергілікті атқарушы органының, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешімі бекітілген жерге орналастыру жобасы және жер комиссиясының оң қорытындысы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданады деп көрсетілген.

Бұл ретте, аз.Н.Калшораевтың жер учаскесіне қатысты уәкілетті органмен 21.01.2025ж. №KZ22VBG01532534 санды жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрық шыққанына қарамастан, ***Қызылқұм ауылдық округінің әкімі 31.01.2025ж. №4***

***санды шешімін қабылдап**, қағиданың 3-жұмыс күні ішінде қабылданады делінген талабын бұзып, 6 жұмыс күн кешіктіріп қабылдаған.*

*аз.С.Жакипованың жер учаскесіне қатысты уәкілетті органмен 06.02.2025ж. №KZ67VBG01540551 санды жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрық шыққанына қарамастан, **Қызылқұм ауылдық округінің әкімі 07.04.2025ж. №27 санды шешімін қабылдап**, қағиданың 3-жұмыс күні ішінде қабылданады делінген талабын бұзып, 36 жұмыс күн кешіктіріп қабылдаған.*

*аз.Р.Жораевтың жер учаскесіне қатысты уәкілетті органмен 21.04.2025ж. №KZ67VBG01572755 санды жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрық шыққанына қарамастан, **Қызылқұм ауылдық округінің әкімі 02.05.2025ж. №39 санды шешімін қабылдап**, қағиданың 3-жұмыс күні ішінде қабылданады делінген талабын бұзып, 5 жұмыс күн кешіктіріп қабылдаған.*

*аз. Н.Аширбековтың жер учаскесіне қатысты уәкілетті органмен 21.04.2025ж. №KZ36VBG01572731 санды жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрық шыққанына қарамастан, **Қызылқұм ауылдық округінің әкімі 02.05.2025ж. №40 санды шешімін қабылдап**, қағиданың 3-жұмыс күні ішінде қабылданады делінген талабын бұзып, 5 жұмыс күн кешіктіріп қабылдаған.*

Сол секілді, ауылдық округ әкімінің 02.05.2025ж. №40 шешімінде аталған кемшіліктер орын алған.

«Қызылқұм ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-сі 2025 жылы 102-өкім жеке құрам бойынша әкімінің өкімі қабылданған.

Оның ішінде, ауыл әкімінің кейбір өкімдерінде кемшіліктер орын алған. Атап көрсеткенде 2025 жылы қабылданған жеке құрам бойынша өкімдерде;

ҚР Еңбек кодексінің 111-бабының 3-тармағында, лауазымдарды қоса атқарғаны, қызмет көрсету аймағының кеңейгені немесе уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқарғаны (алмастырғаны) үшін берілетін қосымша ақының мөлшерлерін жұмыс беруші орындалатын жұмыс көлемін негізге ала отырып, жұмыскермен келісім бойынша белгілейді деп көрсетілген.

24.02.2025 ж. №13-ө/жқ «Г.Д.Туктибаевқа әкім орынбасары міндетін жүктеу туралы» өкімінің 2 тармағында «Лауазымдарды қоса атқарғаны және уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін Туктибаев Галым Данакуловичке әкім орынбасарының лауазымдық жалақысының 49 пайызы мөлшерінде қосымша ақы төленсін» деп көрсетілген, қызметкердің жазбаша келісімі құжаттарға қоса тіркелмеген.

15.04.2025 ж. №28-ө/жқ «Н.Қ.Өтешке бас маман заңгер міндетін жүктеу туралы» өкімінің 2 тармағында «Лауазымдарды қоса атқарғаны және уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін Өтеш Нұрлан Құрбанбайұлына бас маман-заңгер лауазымдық жалақысының 49 пайызы мөлшерінде қосымша ақы төленсін» деп көрсетілген. Алайда, қызметкердің жазбаша келісімі құжаттарға қоса тіркелмеген.

17.04.2025 ж. №32-ө/жқ «Е.Д.Мауленовке бас маман жер инспекторы міндетін жүктеу туралы» өкімінің 2 тармағында «Лауазымдарды қоса атқарғаны және уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны

үшін Мауленов Ермакан Досмухановичке бас маман-жер инспекторы лауазымдық жалақысының 49 пайызы мөлшерінде қосымша ақы төленсін» деп көрсетілген, қызметкердің жазбаша келісімі құжаттарға қоса тіркелмеген.

Сол секілді, ауылдық округ әкімінің 27.06.2025ж. №53 ө/жқ өкімінде аталған кемшіліктер орын алған.

Мүлікті түгендеу бойынша.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 169 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасының II-тарау, 4 тармағында машиналар мен жабдықтарды, көлік құралдарын, аспаптарды, өндіріс пен шаруашылық құрал-саймандарын, материалдық емес және өзге де ұзақ мерзімді активтерді 1-қазанға дейін жылына бір рет түгендеу жұмыстары жүргізіледі делінген. Қызылқұм ауылдық округі әкімнің 29.12.2025 ж №70-ө/нқ өкіміне сәйкес, 1 –ай мерзімде кешігіп түгендеу жұмыстары жүргізілген.

2025 жылдың қорытындысымен Рустемов Сакен Адилбековике 1 130 (Бір мың бір жүз отыз) теңге, және Рыскулов Айдар Бадирхановичке 1 114 (Бір мың бір жүз он төрт) теңге еңбекақы артық аударылған. Аталған қызметкерлер бүгінгі таңға жұмыстан босатылған.

Ұсыныс: Округ әкімі аппараты тарапынан мемлекеттік қызметшілердің ҚР Жер кодексі және басқа да нормативтік құқықтық актілер бойынша білімін жетілдіру үшін арнайы құқықтық оқыту өткізу және 2025 жылы еңбек ақыға артық аударылып кеткен сомаларды қайтару мәселесін қарау ұсынылады.

2. Жетісай ауданы Ш.Ділдабеков ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі:

«Ш.Ділдабеков ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2025–2026 жылдары қабылданған іс-құжаттарына талдау жүргізілді.

2025 жылы жеке құрам бойынша ауылдық округі әкімінің 125 өкімі қабылданған.

Талдау барысында төмендегідей кемшіліктер анықталды: *05.02.2025 жылғы №10-ө/жқ «Б.С. Байболханға тәртіптік жаза қолдану туралы» өкіміне негіз болған құжат (хат) тіркелмеген.*

ҚР Еңбек кодексінің 111-бабының 3-тармағында, лауазымдарды қоса атқарғаны, қызмет көрсету аймағының кеңейгені немесе уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқарғаны (алмастырғаны) үшін берілетін қосымша ақының мөлшерлерін жұмыс беруші орындалатын жұмыс көлемін негізге ала отырып, жұмыскермен келісім бойынша белгілейді деп көрсетілген.

Алайда, 18.08.2025 жылғы №82-ө/жқ «Міндеттерді жүктеу туралы» өкімі бойынша қызметкердің жазбаша келісімі құжаттарға қоса тіркелмеген.

08.09.2025 жылғы №89-ө/жқ «Міндеттерді жүктеу туралы» өкімі бойынша қызметкердің жазбаша келісімі құжаттарға қоса тіркелмеген.

ҚР Еңбек кодексінің 85-бабының 1-тармағында, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа жұмыскердің жазбаша келісімімен немесе оның өтініші бойынша жұмыс берушінің актісі негізінде жол беріледі деп көрсетілген.

Бұл ретте, 22.08.2025 жылғы №84-ө/жқ «Демалыс күндері жұмысқа шақырту туралы» өкімі бойынша әкімнің кеңесшісі Б. Битемиров пен бас маман-жер инспекторы М. Қадирқұловтың демалыс күні жұмысқа тартуға арналған жазбаша келісімдері құжаттарға қоса тіркелмеген.

2026 жылдың 20 сәуіріне дейін жеке құрам бойынша 26 өкім қабылданған.

Анықталған кемшіліктер:

02.04.2026 жылғы №20-ө/жқ «Іссапарға жіберу туралы» өкімі бойынша негіздеме болып табылатын Жетісай ауданы әкімінің орынбасары А. Исмаиловтың 02.04.2026 жылғы №847 және №852 хаттары тіркелмеген.

Мүлікті түгендеу бойынша.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 169 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасының II-тарау, 4 тармағында машиналар мен жабдықтарды, көлік құралдарын, аспаптарды, өндіріс пен шаруашылық құрал-саймандарын, материалдық емес және өзге де ұзақ мерзімді активтерді 1-қазанға дейін жылына бір рет түгендеу жұмыстары жүргізіледі делінген. Ш.Ділдабеков ауылдық округі әкімнің 22.12.2025 ж №25-ө/нқ өкіміне сәйкес, 1 –ай мерзімде кешігіп түгендеу жұмыстары жүргізілген.

Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығына сәйкес, жинақталып қосымша дәлелді құжаттар қолдармен мөрлермен бекітілмеген.

Ұсыныс: Округ әкімі аппараты тарапынан мемлекеттік қызметшілердің ҚР Еңбек кодексі және басқа да нормативтік құқықтық актілер бойынша білімін жетілдіру үшін арнайы құқықтық оқыту өткізу.

3. Жетісай ауданы Жаңа ауыл ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесі:

«Жаңа ауыл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2025–2026 жылдары қабылданған іс-құжаттарына талдау жүргізілді.

Елді мекен шегінде жер учаскесін бөлуге қатысты қабылданған ауыл әкімінің кейбір шешімдерінде кемшіліктер орын алған.

Атап көрсеткенде 2025 жылы қабылданған шешімдерде;

ҚР Жер кодексінің 43-бабының 7-тармағында, облыстың, облыстық маңызы бар қаланың (оның әкімшілік бағынысына берілген аумақта), ауданның жергілікті атқарушы органының, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешімі бекітілген жерге орналастыру жобасы және жер комиссиясының оң қорытындысы келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданады деп көрсетілген.

Бұл ретте, 2025 жылы ауыл әкімімен қабылданған 20.01.2025. №03, 13.03.2025ж. №14 шешімі (15-жұмыс күн кешігіп), ал 04.04.2025ж. №17 шешімі (10-жұмыс күн кешігіп) жерге орналастыру жобасы бекітілгеннен кейін қабылданып, кемшіліктер орын алған және не себепті кемшілік орын алғандығы туралы дәлелдеме іс құжаттары тіркелмеген.

Ұсыныс: Округ әкімі тарапынан мемлекеттік қызметшілердің құжаттарды рәсімдеу барысында мерзіміне және дәлелдеме құжаттардың түгелдігін қадағалау.

4. «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

Талдау барысында, «Жетісай ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік қызмет көрсету барысында төмендегідей кемшіліктер орын алған:

«Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау және қайта бейіндеу) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидасының (ҚР ҰЭМ 30.11.2015ж. №750 бұйрық, бұдан әрі-Қағида) 37 тармағына сәйкес, Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар мен мәліметтерді келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда 1-мемлекеттік қызметті көрсету келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі.

Анықталғандай, бөлім келіп түскен **өтінішті заңнама талаптарын сақтамай кешіктіріп тіркегені белгілі болды.**

Қызмет алушы А.Болатов бала-бақша құрылысы үшін сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды ұсыну үшін Бөлімге 2026 жылғы 17 наурызда сағат 12:44-те өтініш білдірген (KZ50RUA01317512).

*Сәйкесінше, Бөлім аталған өтінішті 2026 жылғы 18 наурызда **яғни 1 (бір) жұмыс күнге кешіктіріп кіріске тіркеген**.*

Ұсыныс: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №750 бұйрығының талаптарын және басқа да нормативтік құқықтық актілер бойынша білімін жетілдіру үшін арнайы құқықтық оқыту өткізу

Жұмысшы топ мүшелері:

Аудан әкімі аппаратының басшысы:	**Е.Алданиязов**
Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аумақтық даму бөлімінің басшысы:	**А.Есенбеков**
Аудан әкімі аппаратының персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінің басшысы:	**Е.Тоимов**
Аудан әкімі аппаратының өтініштердің қаралуын бақылау және құжаттандыруды қамтамасыз ету бөлімінің басшысы:	**А.Алдабергенов**
Аудан әкімі аппаратының әкімшілік және ақпараттық қауіпсіздікті сақтау бөлімінің басшысы:	**Ғ.Жорабеков**
Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық және терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімінің басшысы:	**Н.Егизбаев**
Жетісай ауданының экономика және қаржы бөлімінің жергілікті кірістер және бюджетті жоспарлау секторының меңгерушісі:	**К.Касымов**